"Бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 22 тамыздағы N 131 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 2000 жылғы 23 наурыздағы N 69 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1115. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 418 (V032633) қаулысымен.

Бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының қызметін мемлекеттік реттеуді оңтайландыру және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы заңының нормаларын сақтау мақсатында Бағалы Қағаздар рыногы туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңының 57-бабы 3-тармағының және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) туралы ереженің 4-тармағы 3) тармақшасының негізінде Ұлттық комиссия ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 қазанда 388 нөмірмен тіркелген "Бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының қызметі туралы" Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 22 тамыздағы N 131 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) қаулының аты мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының қызметін жүзеге асырудың қағидаларын бекіту туралы";

2) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1. Қазақстан Республикасындағы бағалы Қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының қызметін жүзеге асырудың қағидалары бекітілсін (қоса берілді).";

3) 2-тармақтағы "осы ережені" деген сөздер "жоғарыда көрсетілген Қағидаларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 3-тармақтағы "осы ереженің" деген сөздер "жоғарыда көрсетілген

Қағидалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 4-тармақтағы "Ереже" деген сөз "Қағидалар" деген сөзбен ауыстырылсын;

6) аталған қаулымен бекітілген "Бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының қызметі туралы" ережеде ( Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар жөніндегі нормативтік актілер жинағы, II том, 1998, 105-бет);

туынды нормативтік құқықтық актіні бекіту туралы жазбадағы "бекітілді" деген сөз "бекітілген" сөзбен ауыстырылсын;

туынды нормативтік құқықтық актінің аты мынада редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының қызметін жүзеге асырудың қағидалары";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім), "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарын (бұдан әрі "ӨРҰ" деп аталады) құрудың және қызметін жүзеге асырудың тәртібін белгілейді.";

1 тараудың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"1 тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР",

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. ӨРҰ - бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының олардың қызметтерін үйлестіру, сондай-ақ олардың жалпы мүдделерін қорғау мақсатында қауымдастық (одақ) нысанында құрылған және Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) ӨРҰ ретінде қызметін жүзеге асыруға лицензиясын иеленген бірлестік. ";

2-тармақтағы "қауымдастық нысанында құрылады" деген сөз алып тасталсын ;

3-тармақтағы "а)", "б)" және "в)" рәміздерімен белгіленген азатжолдар тиісінше жақшалы 1, 2 және 3 сандарымен нөмірленсін;

5-тармақ алып тасталсын;

II тараудың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. ӨРҰ-на МҮШЕ БОЛУ";

7.1-тармақта:

тармақты нөмірлеу "7-1" болып өзгертілсін;

"а)" және "б)" рәміздерімен белгіленген азатжолдар тиісінше жақшалар 1 және 2 сандарымен нөмірленсін;

7.2-тармақта:

тармақты нөмірлеу "7-2" болып өзгертілсін;

"а)" және "б)" рәміздерімен белгіленген азатжолдар тиісінше жақшалы 1 және 2 сандарымен нөмірленсін;

7.3 және 7.4-тармақтар алып тасталсын;

III тараудың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. ӨРҰ-ның ОРГАНДАРЫ;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. ӨРҰ-ның органдарының тізбесі оның жарғысымен айқындалады. ӨРҰ мүшелерінің оның органдарын сайлау (қалыптастыру) және ӨРҰ-ның қызметін басқаруға қатысу кезінде тек құқықтары болады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. ӨРҰ органдарының құзырлықтары, функциялары, өкілеттіктері және жауапкершіліктері, сондай-ақ оларды сайлаудың (Қалыптастырудың) және қызметінің тәртібі ӨРҰ-ның жарғысымен айқындалады.";

10-15-тармақтар алып тасталсын;

IY тараудың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. ӨРҰ-ның КІРІСТЕРІ;

17-тармақтағы "а)", "б)", және "в)" рәміздерімен белгіленген азатжолдар тиісінше жақшалы 1, 2 және 3 сандарымен нөмірленсін;

V тараудың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. ӨРҰ-ның ҚҰҚЫҚТАРЫ;

18-тармақта:

"а)", "б)", "в)", "г)" және "в)" рәміздерімен белгіленген азатжолдар тиісінше жақшалы 1, 2, 3, 4 және 5 сандарымен нөмірленсін;

2), 3) және 4) тармақшалардағы "БҚҰК" аббревиатурасы "Ұлттық комиссия" деген сөздермен ауыстырылсын;

YI Тараудың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. ӨРҰ-ның ҚАҒИДАЛАРЫ;

20-тармақтағы "БҚҰК" аббревиатурасы "Ұлттық комиссия" деген сөздермен ауыстырылсын;

21-тармақта:

бірінші бөліктегі "құрылтай құжаттарында және ережелерінде" деген сөздер " Қағидаларында" деген сөзбен ауыстырылсын;

"а)", б), "в)", "г)", "д)", "е)", "ж)", "з)", "и)", "к)", "л)", "м)", "н)", "о)" және "п)" рәміздерімен белгіленген азатжолдар тиісінше жақшалы 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 және 15 сандарымен нөмірленсін;

1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) банктік, қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда ӨРҰ мүшелерінің қызметі туралы ақпараттың жариялығын қамтамасыз ету;";

15) тармақшадағы "БҚҰК" аббревиатурасы "Ұлттық комиссия" деген сөздермен ауыстырылсын;

ҮII тарау алып тасталсын.

ҮIII тараудың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тарау. ӨРҰ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ТЕСТІЛЕУ",

26-тармақтағы "БҚҰК" аббревиатурасы "Ұлттың комиссия" деген сөздермен ауыстырылсын;

IX тараудың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"9-тарау. ӨРҰ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ БАҚЫЛАУ ЖАСАУ";

28-тармақтағы "л)" және "б)" рәміздерімен белгіленген азатжолдар тиісінше жақшалы 1 және 2 сандарымен нөмірленсін;

29-тармақтағы "БҚҰК" аббревиатурасы "Ұлттық комиссия" деген сөздермен ауыстырылсын;

34-тармақтағы "а), "б" және "в)" рәміздерімен белгіленген азатжолдар тиісінше жақшалы 1, 2 және 3 сандарымен нөмірленсін;

35-тармақтағы "БҚҰК" аббревиатурасы "Ұлттық комиссия" деген сөздермен ауыстырылсын;

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының ( оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) назарына жеткізсін. Осы Қаулының орындалысына бақылау жасау ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасына жүктелсін.

Комиссияның төрағасы

Комиссияның мүшелері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК